

Ақтөбе қаласында «Жас Ұлан» ұйымының қалалық 4 Слеті

Қазіргі таңда заман талабына сай балалар мен жасөспірімдер ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктерінің қызметтері жас ұрпақтың қоғамдағы орнын өзі белгілеу және мүмкіндіктерін іске асыру, жеке басын әлеуметтендіру жөніндегі маңызды институт болып табылады. Балалар ұйымдары өскелең ұрпақтың қоғам өмірінде демократиялық тұрғыда өсуіне мүмкіндік туғызады. Елбасының республика көлемінде бірыңғай балалардың қоғамдық бірлестігін құру туралы бастамасын қолдау мақсатында 2011 жылы қыркүйек айында Ақтөбе қаласында қалалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер қоғамдық бірлестігі құрылды. Қалалық «Жас Ұлан» қоғамдық бірлестігі қаланың жалпы білім беретін 70 мектебінің ұйымдарын біріктіреді. Оның құрамына – 30 000-нан астам ұйымдардың мүшелері жас қырандар мен жас ұландар кіреді. Ұйым балалар мен жасөспірімдерді отансүйгіштікке, белсенділік пен жауапкершілікке тәрбиелеуді және шығармашылық, зияткерлік қабілеттерін ашуға, жеке тұлға болып қалыптасуға жағдай жасауды алға мақсат етіп қойды.

Құрылғанына 4 жыл болған Ақтөбе қалалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер қоғамдық бірлестігі өзінің қызметін дамытып, бағдарлама бойынша жұмыстарын жүргізуде.

23 қазан 2014 жылы қалалық оқушылар Сарайының акт залында қалалық «Жас Ұлан» ұйымның қалалық 4 Слеті өтті.

Мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен қоғамдағы жауапкершілігін арттыру, жаңашыл істерге жұмылдыру.

Слетке қатысушылар: әр мектептен (4 адам), аға тәлімгерлер, ҚОС ұйымдастырушы-ұстаздары, шақырылған қонақтар.

Слетте «Жас Ұлан» ұйымының қызметіне басшылық жасайтын «Қала Ұланбасы» және «Қалалық Кеңес» құрамы сайланды. Қаланың 7 мектебінің 9-класс оқушыларынан өтініштер түсті. Қала Ұланбасы қызметіне үміткерлер №3 ОМ, №17 МГ, №18 ОМ, №23 МЛ, №24 ЛМГ, №25 ОМ, №45 ОМ.

Бағдарламасын таныстырған үміткерлер сайлауға түсті. Дауыс беру арқылы слетте қалалық «Жас Ұлан» ұйымына және қала Кеңесіне жетекші - «Қала Ұланбасы» сайланды. **Қала Ұланбасы болып Ерғалиева Гаухар, №17 мектеп-гимназияның оқушысы сайланды.**

Слетке дейін барлық қала мектептерінде сайлау жұмыстары жүргізіліп, мектептегі ұйымның қызметіне басшылық жасайтын «Мектеп Ұланбасы» сайланды. Сайлау комиссиясы дауыстарды санау нәтижелерін шығарды. Слеттің соңында делегаттар шешім қабылдады.

Алдағы уақытта Ақтөбе қаласында құрылғанына 4 жыл болған «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы өз қызметін жандандырып, жана істерге жасқырандар мен жасұландарды жұмылдыра береді.





